Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасының атынан

2023 жылғы 20 желтоқсан 3115-23-00-2/2775 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Жамбыл облысы Әділет Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Мега 1» Бекзат Ғабитұлы Жүнісов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Жамбыл облысы Әділет Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Мега 1» Бекзат Ғабитұлы Жүнісовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Мега 1» Бекзат Ғабитұлы Жүнісов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Мега 1» Бекзат Ғабитұлы Жүнісовтан мемлекет пайдасына 7173 (жеті мың бір жүз жетпіс үш) теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Мега 1» Бекзат Ғабитұлы Жүнісовтан мемлекет пайдасына 1940,19 (бір мың тоғыз жүз қырық) теңге,19 тиын мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 20.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2024, судья Ясарова Р. К., 30.01.2024

3115-23-3-1/3187